


Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»

Министерство культуры и
информации Республики Казахстан

ЕРЕЖЕ

ПОЛОЖЕНИЕ

2025 жыл 30 наурыз

дата

Алматы қ.

№ П-22-25

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ
Ғылыми кеңестің шешімімен
Бекітемін
Төраға Г. Тасбергенова
2025 жылғы «30» сәуір № 10 хаттама

ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚҰК АЛҚАЛЫҚ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ: ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС, ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС, САРАПТАМАЛЫҚ-ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ

Өзірледі:			
Ғалым хатшы	<u>А.И.</u>	Ш. Аманжолова	<u>30.04.2025</u>
Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы	<u>А.И.</u>	А. Машимбаева	<u>30.04.2025</u>
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секторының басшысы	<u>О.И.</u>	Ж. Мусаева	<u>30.04.2025</u>
Келісілді:			
Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м. а.	<u>Ш.И.</u>	А. Нусупова	<u>30.04.2025</u>
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	<u>Ш.И.</u>	Г. Әбдірахман	
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы	<u>Ш.И.</u>	А. Сарымсакова	<u>30.04.2025</u>
Compliance officer	<u>Ш.И.</u>	Г. Джагупарова	<u>30.04.2025</u>
Заң секторының басшысы	<u>Ш.И.</u>	Д. Мамедова	<u>30.04.2025</u>
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. КОЛЛЕГИАЛДЫ БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ	4
2.1. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС	4
2.1.1 ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ.....	4
2.1.2 ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ӨКІЛЕТТЕРІ.....	5
2.2. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС.....	7
2.2.1 ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН	
МІНДЕТТЕРІ:	7
2.2.2 ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ:	7
2.2.3 ҚҰРАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	8
2.3 САРАПТАМАЛЫҚ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ.....	9
2.3.1 САРАПТАМАЛЫҚ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН	
ФУНКЦИЯЛАРЫ:.....	9
2.3.2 САРАПТАМАЛЫҚ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ..	10
3. КОЛЛЕГИАЛДЫ БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ	11
4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	11
ӨЗГЕРІСТЕР ТІРКЕУ ПАРАҒЫ.....	13
ТАНЫСУ ҚАҒАЗЫ	14

Ереже	Құрманғазы атындағы ҚҰК Алқалық басқару органдары туралы ереже: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, Сараптамалық-үйлестіру кеңесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
14 беттің 2 беті	

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже коллегиялды басқару органы (бұдан әрі – КБО) қызметінің талаптарын айқындайды және реттейді, сондай-ақ «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Консерватория) коллегиялды басқару органдарына қатысты қолданылады.

2. Аталған ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында коллегиялды басқару органдары жұмысының үлгілік қағидаларын» басшылыққа ала отырып, ҚР ҒЖБМ-ның нормативтік құқықтық актілеріне және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Жарғысына сәйкес әзірленді.

3. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы коллегиялды басқару органдарының нысандары: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес және Сараптамалық үйлестіру кеңесі болып табылады.

4. Консерваторияның КБО туралы ережесі олардың мәртебесін, құрамын, сайлау тәртібін, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін, КБО-ның құзыреттерін, сондай-ақ Ғылыми және Оқу-әдістемелік кеңес мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін айқындайды.

5. Ғылыми кеңес (бұдан әрі – ҒК), Оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі – ОӘК) және Сараптамалық үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – СҮК) – жоғары оқу орнын басқарудың коллегиялды нысандарының бірі болып табылады.

6. КБО жұмысының мақсаты – Консерваторияны ұйымдастыру және жетілдіру.

7. КБО өз қызметінде келесі құжаттарды басшылыққа алады:

1) 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында коллегиялды басқару органдары жұмысының үлгілік қағидалары»;

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 7 сәуірдегі № 145-НҚ бұйрығымен бекітілген «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары»;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілері мәртебесіне ие сыртқы нормативтік құжаттар, ұлттық, ведомстволық және салалық стандарттар, жоғары тұрған органдардың талаптары;

Ереже	Құрманғазы атындағы ҚҰК Алқалық басқару органдары туралы ереже: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, Сараптамалық-үйлестіру кеңесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
14 беттің 3 беті	

5) Консерваторияда енгізілген сапа менеджменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі және басқа да ISO (International Organization for Standardization) халықаралық стандарттары;

6) Консерватория қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар;

7) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Жарғысы;

8) Осы Ереже.

8. КБО өз қызметін жүзеге асыру барысында тиісті құрылымдық бөлімшелермен, факультеттермен және кафедралармен өзара әрекеттеседі.

2. КОЛЛЕГИАЛДЫ БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

9. Консерваторияда келесі коллегиялды басқару органдары қызмет атқарады:

1) Ғылыми кеңес

2) Оқу-әдістемелік кеңес

3) Сараптамалық үйлестіру кеңесі

2.1. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

10. Ғылыми кеңестің мақсаты – білім беру және өзге де қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) негізгі қызмет аспектілері бойынша шешімдерді алқалы түрде қабылдауды қамтамасыз ету.

11. Ғылыми кеңестің қызметі жариялыққа және оның құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылауға негізделеді.

2.1.1 ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

12. Ғылыми кеңес Консерватория ректорының бұйрығымен құрылады.

13. Ғылыми кеңесінің құрамына ЖЖОКБҰ проректорлары, құрылымдық бөлімшелер басшылары, профессор-оқытушылар құрамының өкілдері, Консерваторияның білім алушылары қатарындағы өкілдер кіруі мүмкін.

14. Ғылыми кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады және тақ санды мүшелерден тұрады. Қажетілігіне қарай жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

15. Консерватория ректоры Ғылыми кеңестің төрағасы (бұдан әрі – төраға) болып табылады. Төраға төрағаның орынбасарын тағайындайды. Төраға болмаған жағдайда, оның міндетін орынбасары атқарады. Төраға Ғылыми кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

Ереже	Құрманғазы атындағы ҚҰК Алқалық басқару органдары туралы ереже: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, Сараптамалық-үйлестіру кеңесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
14 беттің 4 беті	

16. Ғылыми кеңес құрамы Консерватория ректорының бұйрығымен бекітіледі.

17. Хатшыны Ғылыми кеңес сайлайды және ол Ғылыми кеңестің іс қағазын жүргізуге жауап береді.

2.1.2 ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ӨКІЛЕТТЕРІ

18. Ғылыми кеңестің құзырына мыналар жатады:

- 1) Консерватория құрылымын бекіту;
- 2) ЖЖОКБҰ Жарғысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу;
- 3) Консерваторияның Стратегиялық даму жоспарын іске асыруға байланысты мәселелерді қарастыру;
- 4) ЖЖОКБҰ даму тұжырымдамасын айқындау;
- 5) ЖЖОКБҰ оқу және ғылыми бөлімшелерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату (зертханалар, кафедралар, факультеттер және тағы басқалар);
- 6) ішкі нормативтік құжаттарды қайта қарастыру және бекіту;
- 7) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын қарастыру;
- 8) жоғары оқу орнының оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және шаруашылық қызметін ұйымдастырудың барлық негіз қалаушы мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 9) оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбие, қаржы, шаруашылық, ақпараттық және халықаралық қызметті жүргізу нысандары мен әдістері туралы проректорлардың, құрылымдық бөлімшелер басшыларының жыл сайынғы есептерін тыңдау;
- 10) монографияларды, оқулықтарды, оқу құралдарын және оқу-әдістемелік әзірлемелерді (3 баспа парағынан асатын) басып шығаруға қарау және ұсынымдар;
- 11) ақылы негізде оқитын студенттерді білім беру гранттарына және оқытудың экстернат нысанына ауыстыру туралы шешім қабылдау;
- 12) диссертациялық зерттеулер бойынша магистранттар мен докторанттардың тақырыптары мен ғылыми жетекші-кеңесшілерін бекіту;
- 13) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды ұйымдастыру;
- 14) Консерваторияның алдында тұрған міндеттерге қол жеткізу мақсатында ақылы білім беру қызметтерін көрсету арқылы кірістерді инвестициялау және бюджеттен тыс қаражатты пайдалану тәртібін айқындау;
- 15) бюджеттен тыс қаражатты пайдалану тәртібін, сондай-ақ ақылы білім беру қызметтерін көрсету және өндірілген өнімді өткізу арқылы ЖЖОКБҰ алатын кірістерді қайта инвестициялау бағыттарын анықтау;
- 16) ғалымдар мен құрметті атақтарды, атаулы стипендиялар мен сыйлықтарды бекіту және беру (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары

Ереже	Құрманғазы атындағы ҚҰК Алқалық басқару органдары туралы ереже: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, Сараптамалық-үйлестіру кеңесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
14 беттің 5 беті	

білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тағайындайтын);

17) Консерватория қызметкерлерін, шығармашылық ұжымдарын үкіметтік наградаларға және құрметті атақтарға ұсыну туралы мәселелерді қарау;

18) Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерді лауазымдарға орналастыру конкурсы Ережесіне сәйкес Консерваторияның қауымдастырылған профессоры м.а. (академиялық доцент) және профессор м.а. (академиялық профессор) ғылыми атақтарын беру туралы мәселелерін қарастыру;

19) Консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекіту;

20) ЖЖОКБҰ қызметінің алқалық шешімді талап ететін өзге де мәселелерін қарау болып табылады.

19. Ғылыми кеңес өз жұмысын оқу жылына бекітілген Жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

20. Ғылыми кеңестің отырыстары тиісті оқу жылына бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес ай сайын өткізіледі. Қажет болған жағдайда Ғылыми кеңестің кезектен тыс отырыстары өткізілуі мүмкін.

21. Ғылыми кеңестің отырыстары оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысқан жағдайда заңды болып табылады. Ғылыми кеңестің мүшесі дәлелді себептермен отырысқа қатысу мүмкін еместігі туралы төрағаға алдын ала хабарлауға міндетті.

22. ЖЖОКБҰ Ғылыми кеңесі басымдық принципіне сәйкес отырыста қаралатын мәселелердің ретін өзгертуі мүмкін.

23. Жоспарланған отырысқа үш (3) күн қалғанда баяндамашы баяндаманың мәтінін, Ғылыми кеңестің шешім жобасын (мемлекеттік және орыс тілдерінде) және басқа да материалдарды Ғылыми кеңес хатшысына ұсынады. Материалдарды ұсыну мерзімдері бұзылған жағдайда, тиісті мәселе Ғылыми кеңес төрағасының рұқсатымен келесі отырыстың күн тәртібіне ауыстырылады.

24. Қажет болған жағдайда (Ғылыми кеңес төрағасының келісімі бойынша) күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізілуі мүмкін. Бұл үшін осы мәселені қарау болжанатын отырыс күніне дейін кемінде күнтізбелік 3 күн бұрын хатшыға күн тәртібіне енгізу үшін қажетті материалдар ұсынылуға тиіс.

25. Ғылыми кеңестің шешімдері, егер отырысқа қатысып отырған мүшелердің көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең боған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Ғылыми кеңестің шешімдері Ғылыми кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

26. Ғылыми кеңестің барлық мүшелерінің отырысқа келуі міндетті.

27. Ереже оны Консерватория ректоры бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

Ереже	Құрманғазы атындағы ҚҰК Алқалық басқару органдары туралы ереже: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, Сараптамалық-үйлестіру кеңесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
14 беттің 6 беті	

2.2. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

2.2.1 ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

28. Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісін ұйымдастыру;
29. Жоғары оқу орнында шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды басып шығаруға жоспарлау, сараптаманы және ұсынымды ұйымдастыру;
30. Оқу үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
31. Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мен жетілдіру және оқудың жаңа технологияларын енгізу бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату;
32. Әдістемелік әзірлемелер нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
33. Жаңа технологияларды енгізу және қолданыстағы технологияларды әдістерді, оқу құралдарын жетілдіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
34. Педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмысты үйлестіру;
35. Оқу жоспарлары мен бағдарламалар дайындау бойынша олардың мазмұнын жаңарту және пәндерді біріктіру бойынша, сабақтар өткізу үшін әдістемелік нұсқаулар мен нұсқаулықтар бойынша ұсыныстар әзірлеу;
36. Алдыңғы және кейінгі реквизиттерді бекіту;
37. Таңдау пәндері каталогын қарастыру және бекіту;
38. *Оқу-әдістемелік бағыттағы нормативтік құжаттардың жобаларын, оқулықтар мен оқу құралдарын және т.б. әзірлеу үшін авторлар ұжымын қалыптастыру;*
39. Оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығару, қайта басып шығару бойынша жыл сайынғы перспективалық жоспарларды қалыптастыру;
40. Оқытушылардың жеке жоспарларында және өкімдерде қарастырылған оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуын ағымдағы бақылау;
41. ОӘК мәжілістерін өткізу; ОӘК жұмысы туралы есептер дайындау;
42. Оқу пәндерін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2.2.2 ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ:

43. Факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыс жоспарларын қарастыру және келісу;
44. Оқу-әдістемелік қызметтің негізгі бағыттарын талқылауды қамтамасыз ету;
45. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

Ереже	Құрманғазы атындағы ҚҰК Алқалық басқару органдары туралы ереже: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, Сараптамалық-үйлестіру кеңесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		14 беттің 7 беті

46. Пәндердің жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларын (силлабустарды) талқылау және келісу;
47. Оқу үдерісіне қатысты ережелерді қарастыру және бекітуге ұсыну;
48. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту мәселелері бойынша құжат жобаларын әзірлеуге және сараптауға қатысу;
49. Білім беру ұйымдарының әдістемелік қамтамасыз етілуіне қатысты нормативтік құқықтық құжаттар жобаларын жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау және енгізу;
50. Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, оның ішінде электрондық тасымалдағыштарда және дидактикалық материалдарды әзірлеуді ұйымдастыру;
51. Консерваториядағы оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарастыру;
52. Таңдау пәндері каталогын бекіту;
53. Оқыту сапасын бағалауға арналған сауалнамалар мен анкета нысандарын талқылау; Студенттердің практикасы мен тағылымдамасының бағдарламаларын бекіту; Өндіріс және ғылым салаларындағы басым бағыттарды болжау негізінде мамандықтар тізбесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау;
54. Оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және профессорлық-оқытушылық құрамға әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған түрлі әдістемелік жұмыс түрлерін енгізу мәселелерін қарастыру; Академияда шығарылатын әдістемелік еңбектердің тақырыптарын талқылау, сараптамадан өткізу және сараптамалық қорытындылар дайындау;
55. Білім алушылардың білімін бақылаудың тест тапсырмалары мен өзге де формаларын әзірлеу және сараптау мәселелерін қарастыру;
56. Студенттердің өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарастыру;
57. Әдістемелік конференциялар, көрмелер, семинарлар мен жиналыстарды ұйымдастыру.

2.2.3 ҚҰРАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

58. ОӘК құрамына факультеттердің оқу-әдістемелік кеңестерінің төрағалары, кафедра өкілдері, тәжірибелі әдіскер-оқытушылар, құрылымдық бөлімше басшылары, әдіскер оқытушылар, студенттер мен магистранттар кіреді.
59. Оқу-әдістемелік кеңестің құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі;
60. ОӘК жұмысына жетекшілік етуді академиялық мәселелер жөніндегі проректор – Кеңес төрағасы жүзеге асырады;
61. ОӘК төрағасы жылына бір рет ОӘК қызметінің нәтижелері туралы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Ғылыми кеңесіне есеп береді;
62. ОӘК мүшелерінің ашық дауысы арқылы хатшы сайланады; .

Ереже	Құрманғазы атындағы ҚҰК Алқалық басқару органдары туралы ереже: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, Сараптамалық-үйлестіру кеңесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		14 беттің 8 беті

63. ОӘК өз жұмысы Ғылыми кеңес мәжілісінде қабылданған және консерватория ректоры бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады;

64. ОӘК отырысы екі айда бір рет өткізіледі;

65. ОӘК мәжілісінде қаралған мәселенің нәтижесі бойынша қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілік дауысымен әдістемелік кеңестің ұсынысы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. ОӘК хаттамалары мен әдістемелік кеңес шешімдеріне кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды;

66. Егер ОӘК отырысында оның мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысып отырса, онда ОӘК құқықты өкілетті деп табылады; ОӘК әрбір мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға тиісті.

2.3 САРАПТАМАЛЫҚ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ

2.3.1 САРАПТАМАЛЫҚ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ:

67. Сараптамалық-үйлестіру кеңесі үйлестіру-консультативтік орган болып табылады және ректордың бұйрығымен құрылады:

1) магистранттар мен PhD докторанттардың ғылыми жұмыстарын жүргізу және диссертацияларын дайындау кезінде жоғары ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік деңгейлерді қолдау;

2) өнер магистрі / өнертану ғылымдарының магистрі, PhD докторы академиялық дәрежесін алу үшін диссертациялардың сәйкестігіне сараптама жүргізу.

68. Сараптамалық-үйлестіру кеңесі өз қызметінде диссертация тақырыбының және магистранттың, PhD докторанттың ғылыми жұмыстарының барысының мынадай талаптарға сәйкестігін алқалы түрде айқындайды:

1) ғылыми танымның қазіргі даму тенденциялары;

2) ғылымның өзекті әдіснамалық және философиялық мәселелеріне;

3) ғылыми танымның әдіснамасы;

4) мамандық бойынша зерттеу әдіснамасы саласындағы құзыреттіліктер (оның ішінде кәсіби қызметте танымның ғылыми әдістерін қолдана білу; процестер мен құбылыстарды зерттеудің қолданыстағы тұжырымдамаларын, теориялары мен тәсілдерін сыни талдау: білімді әртүрлі пәндер шеңберінде біріктіре білу және оларды ғылыми зерттеу міндеттерін шешу үшін қолдану).

69. СҮК оң шешім қабылдаған жағдайда Құрманғазы атындағы ҚҰК Ғылыми Кеңесіне диссертациялық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну туралы шешім шығарылады;

70. СҮК отырыстары білім алушылардың аралық есептері өтетін әр семестрдің соңында (ағымдағы қаңтар, маусым) өткізіледі. Отырыстарда білім алушыларды аттестаттау немесе аттестаттамау туралы шешім қабылданады.

Ереже	Құрманғазы атындағы ҚҰК Алқалық басқару органдары туралы ереже: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, Сараптамалық-үйлестіру кеңесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
14 беттің 9 беті	

71. Түлектер үшін, магистранттар мен докторанттар бітіруші кафедралардаалдын ала қорғау - есеп рәсімінен сәтті өткеннен кейін оқу жылының соңында СҮК-тің арнайы отырысы өткізіледі. Бұл ретте сараптамалық-үйлестіру кеңесіне:

- 1) диссертациялық жұмыстың қолжазбасы (сараптаманы жүзеге асыру үшін);
- 2) диссертация тақырыбын бекіту туралы кафедра отырысының
- 3) хаттамасынан үзінді;
- 4) № 3 нысан бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі және олардың көшірмелері.

72. Түлектер үшін СҮК отырысына әр диссертацияға жазбаша рецензия (кемінде екі рецензия) ұсынылуы тиіс.

73. Магистранттың/PhD докторанттың диссертацияны қорғауға ұсынымы (немесе ұсынбауы) туралы шешім диссертациялық жұмысты және диссертацияның ұсынылған есебін талқылағаннан кейін қатысып отырған кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы СҮК отырысында қабылдайды.

74. СҮК теріс шешім қабылдаған кезде ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың баянаты негізінде магистрант / PhD докторант ҚҰК ректорының бұйрығымен оқудан шығарылады.

75. СҮК шешімдері, атап айтқанда:

- 1) диссертацияны көпшілік алдында қорғауға ұсыну;
- 2) ескерту жойылған жағдайда диссертацияны көпшілік алдында қорғауға ұсыну;
- 3) диссертацияны қорғауға ұсынбауға, СҮК төрағасы қол қойған хаттамалар түрінде ресімделеді.

76. Қорытындының қорытындылау бөлігінде сараптама қорытындылары бойынша СҮК мынадай шешімдердің бірі ұсынылады:

77. Егер СҮК "жоқ" деген тұжырыммен теріс қорытынды берген жағдайда қорғауға ұсынылады", магистрант / PhD докторант диссертацияны қорғауға жіберілмейді.

2.3.2 САРАПТАМАЛЫҚ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

78. Сараптамалық кеңестің отырысы төрағаның, ал ол болмаған кезде –

79. орынбасардың басшылығымен өткізіледі.

80. СҮК магистрлік диссертацияларды уақтылы ұсыну бойынша жұмысты ұйымдастыруды консерваторияның жоғары оқу орнынан кейінгі білім секторы жүзеге асырады.

81. Магистрлік диссертациялардың сараптамасын дайындау және отырысты өткізу бойынша бақылауды сараптама хатшысы жүзеге асырады.

82. СҮК қорытындыларына төраға және Кеңестің барлық мүшелері қол қояды.

Ереже	Құрманғазы атындағы ҚҰК Алқалық басқару органдары туралы ереже: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, Сараптамалық-үйлестіру кеңесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
14 беттің 10 беті	

83. СҮК отырысының қорытындысы бойынша хаттама ресімделеді, ол магистрлік диссертацияларды қорғағаннан кейін 3 (үш) жыл бойы сақталады. Белгіленген мерзім өткеннен кейін хаттамалар консерватория мұрағатына тапсырылады.

3. КОЛЛЕГИАЛДЫ БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

84. КБО келесі құқықтарға ие:

1) Консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінің оқу үдерісін, оқу-әдістемелік, ғылыми, әлеуметтік-тәрбиелік және өзге де жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

2) КБО құзыреті шегінде Консерваторияның құрылымдық және оқу бөлімшелерінің ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі нормативтік құжаттарының, ректордың бұйрықтарының, оқытушылардың аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыс кестелерінің орындалуын бақылауға;

3) Өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер өткізуге;

4) Өз міндеттерін іске асыру үшін Консерваторияның барлық құрылымдық бөлімшелерінен қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

5) Консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы есептерді тыңдауға.

4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

85. Аталған Ереже Консерватория басшылығы бекіткеннен кейін, жетекші немесе уәкілетті тұлға қол қойған сәттен бастап және бекіту күні хаттамада тіркелген сәттен бастап күшіне енеді. Бұл ереже Консерваторияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады.

86. Консерватория басшылығының жазбаша рұқсатынсыз осы құжаттың барлық немесе бір бөлігін көшіруге, көбейтуге және беруге жол берілмейді.

87. Осы құжаттың құрылымы, оны қарау, тарату, сақтау, қайта қарау және қайта басып шығару «Құжатталған ақпаратты басқару» құжаттамаларының рәсіміне сәйкес жүргізіледі.

88. Құжаттың электрондық нұсқасы сыртқы тараптарға немесе бақылаушы органдарға тек көшірмеден қорғалған форматта, мысалы, редакциялауға немесе көшіруге шектеулер қойылған PDF форматында ұсынылуы мүмкін, бұл оны рұқсатсыз таратудың алдын алу мақсатында жүзеге асырылады.

89. Қажет болған жағдайда, осы Ережеге өзгерістер енгізу немесе түзету кезінде барлық өзгерістер жетекшілік ететін және жауапты тұлғалармен келісіліп, белгіленген тәртіппен рәсімделуі және Консерваторияның ішкі құжаттама талаптарына сәйкес тіркелуі тиіс.

90. Егер осы ереженің жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына немесе Консерваторияның ішкі актілеріне қайшы

Ереже	Құрманғазы атындағы ҚҰК Алқалық басқару органдары туралы ереже: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, Сараптамалық-үйлестіру кеңесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
14 беттің 11 беті	

келетін болса, мұндай тармақтар дереу қайта қаралуға және нормативтік актілерге сәйкестендіруге жатады, сондай-ақ бөлім қызметкерлеріне енгізілген өзгерістер туралы міндетті түрде хабарлануы тиіс.

Ереже	Құрманғазы атындағы ҚҰК Алқалық басқару органдары туралы ереже: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, Сараптамалық-үйлестіру кеңесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
14 беттің 12 беті	

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Ереже	Құрманғазы атындағы ҚҰК Алқалық басқару органдары туралы ереже: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, Сараптамалық-үйлестіру кеңесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		14 беттің 13 беті

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ р/с	Құжатпен танысқан тұлғаның ТАӘ	Лауазымы	Қолы	Күні
1	2	3	4	5
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				
16.				
17.				
18.				
19.				
20.				
21.				
22.				
23.				
24.				
25.				
26.				